

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 6 наурыздағы № 59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 7 наурызда № 34124 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаш аймағын бөліп беру мен таксациялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/161 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10693 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаш аймағын бөліп беру мен таксациялау қағидаларында:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Ағаштарды кесуге алдын ала іріктеу барлық біртіндеп және іріктеп кесулер үшін, сондай-ақ орманды күтіп-баптау мақсатында кесу үшін (сүрекдіндердің орташа диаметрі 8 сантиметрден аз болған жағдайда жарықтандыруды, сирету мен өтпелі кесуді және іріктеп санитариялық мақсатта ағаш кесу қоспағанда (кеуіп қалған жас ағаштарды кесуден, желопырықты, жел сұлатпасын жоюдан, құлаған ағаштарды жинаудан, аумағы 100 гектардан асатын ірі орман өрттерінің (жоғарғы) зардаптарын жою кезінен басқа) жүргізіледі. Кесуге іріктеп алынған ағаштарға 1,3 метр биіктікте терең белгі салынады, ал диаметрі 8 сантиметр және одан да жуан ағаштарда сонымен бірге тамыр мойны таңбаланады.";

27-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) түбірімен босатылатын сүректі, сондай-ақ екінші дәрежелі сүрек ресурстарын ақшалай бағалау түбірімен босатылатын сүрек үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 587-бабының 2-тармағында белгіленген төлемақы ставкалары негізінде әрбір кеспеағаш (мөлдек) бойынша жүргізіледі;"

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Түбірімен босатылатын сүректі есепке алу кесу тәсілдеріне байланысты:

1) алаңы бойынша (аумағы 100 гектардан асатын ірі орман өрттерінің (жоғарғы) зардаптарын жою кезінен басқа жаппай ағаш кесудің барлық түрлері кезінде қолданылады);

2) кесуге тағайындалатын ағаштар саны бойынша жүргізіледі.

Кесуге тағайындалатын ағаштар саны бойынша есепке алу:

іріктеп ерікті (бұдан әрі – іріктеп кесу), біртіндеп және ұзақ-біртіндеп (бұдан әрі – біртіндеп кесу) ағаш кесу;

сүректің орташа диаметрі 8 сантиметр және одан да жуан болған кезде сирету, жол аршу үшін ағаш кесу;

іріктетіп санитариялық мақсатта ағаш кесу (жас талдардың кеуіп қалғандарын кесуден басқа);

жалғыз-жарым ағаштарды кесу кезінде қолданылады.

Ағаштар саны бойынша босатылатын сүректі есепке алу кезінде кесуге тағайындалатын ағаштар алдын-ала:

3) дайындалған ағаш материалдарының саны бойынша таңбаланады.

Дайындалған ағаш материалдарының саны бойынша есепке алу, егер кесілуге тиіс сүрек қорын алдын-ала айқындау мүмкін болмаса:

жарықтандыру мен тазарту кезінде;

егер кесуге тағайындалатын сүректің орташа диаметрі 8 сантиметрден төмен болса, сирету және жол аршу үшін кесу кезінде;

жас талдарда, жел опырған, құйын соққан жерлерде, құлап қалған ағаштарды жинағанда кеуіп қалғандарын кесу кезінде;

аумағы 100 гектардан асатын ірі орман өрттерінің (жоғарғы) зардаптарын жою кезінде жүргізіледі.

Жергілікті халықты сүрек отынымен тегін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік орман иеленуші айқындайтын орындарда кеспеағаштардан тыс жерлердегі қоқысты (кеспеағаштардан тыс жерде табиғи жолмен құлап жатқан және өнеркәсіптік мақсатта дайындалмайтын сүректің қалдығы (діңдері мен бұталары) тазалау кезінде, оны босату ағаш кесу билеттерінде дайындауға жататын сүрек мөлшері көрсетіліп жүргізіледі. Бұл жағдайда орман иеленуші ағаш кесу билетінде көрсетілген сүрек мөлшерін дайындайды."

2. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/178 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату қағидаларында:

155-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"155. Санитариялық мақсатта жаппай ағаш кесуді жүргізу кезінде әрбір мөлдек алаңы 5 гектардан аспайтындай, 100 гектардан астам өртеңдер учаскелерінде – 25 гектардан аспайтындай мөлшерде, 1000 гектардан астам ірі орман өрттерінің (жоғарғы) зардаптарын жою кезінде мөлдек алаңы кварталдың ауданымен белгіленеді.";

181-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"181. Ағаш кесу қалдықтарын пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда кеспеағашты тазарту мынадай тәсілдермен:

1) ағаш кесу қалдықтарын ұзындығы 1 метрге дейін ұсақтап, оларды ағашы кесілген бүкіл алаңға біркелкі шашып тастау жолымен;

2) кеспеағаштан тыс ағашы жоқ жерге шығарып, ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес кейіннен оларды жағып жіберетіндей етіп бір жерге үйіп қою жолымен жүргізіледі;

3) үлкен өрт аймақтарында жазықтықты болдырмау немесе топырақ эрозиясын алдын алу үшін ағаш кесу қалдықтарын арнайы механизмдердің көмегімен массаға дейін ұнтақтау және оларды бүкіл өртенген аумаққа біркелкі тарату.

Ағаш кесу орындарын тазарту тәсілдерін орман иеленуші ағаш кесу билетінде көрсетеді.

Қар қалыңдығы 50 сантиметрден асатын қысқы кезеңде ағаш кесуді жүргізу кезінде кеспеағашты тазарту, ерекшелік ретінде, көктемде өрт қаупі бар маусым басталғанға дейін жүргізіледі."

3. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі*

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі